



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Қазіргі Ресейді және Қазақстанды
тіл мен мәдениет арқылы тану





Дәрістің мақсаты: оқырман қазақ елінің тілінде жүріп жатқан өзгерістермен, жағымды және жағымсыз үрдістермен танысады.

Дәрістің басты терминдері: ескі реалий, үрдістер.

- Ескі реалий – өткен заманның заттары, ұғымдары және олардың атаулары;
- Үрдістер – тілдегі бір-бірте болып жатқан өзгерістер.

1. Бірінші тенденция – ескі реалийден алшақтау

Профессор Тер-Минасова өз еңбегінде кеңес құрамында болған елдердің тіл әлеміндегі өзгерістеріне тоқтайды. 90-жылдардағы жаңа өмір мен жаңа дәуір жаңа сөздерсіз ойлауға қабілеті болмады. Ол замандағы тенденция бойынша – ескі реалийден алшақтау, көне әлеммен байланысты пышақ кескендей үзу, оның елесін (сөзін деп оқыңыз) бізден (біздің тілімізден) аластау қажет болды. Жағымсыз Нарком (народный комиссар – халық комиссары) министрлерді, милиция – полицияны, жолдастар – мырзаларды т.б. алмастырды.

Келесі үрдіс – шет тілдерінен, ең бастысы ағылшын тілінен енген сөздер. Ауқымдылығы бойынша да, қоғамдық пікір бойынша да, орыс тілі мен орыс мәдениетіне төндіретін қаупі бойынша да, бұл тенденция екінші емес, бірінші орында тұруы тиіс. Ресейдің әлемге ашылуы және әлемнің Ресейді тануы, бірінші кезекте шетелдік, соның ішінде ағылшын тілінен енген сөздердің нөпірінің астында қалудан басталды. Бұл сөздер біздің тіліміз бен өмірімізге батыстық өмір салтымен (кейде одан кейін, кейде дейін), бизнеспен, компьютермен, интернетпен, фильмдермен, телесериалдармен, әндермен, бейнеөнімдермен жаппай ене бастады. Орыс тілін кірме сөздер тасқынынан, өртінен, селінен, улануынан қорғауға шақырған алаңдаған, ызаланған және өтінген үндеулердің легі артып келеді.

Әрине, қазіргі заман – ақпарат заманы. Ал ақпарат алуда ешбір арна (канал) тілмен теңесе алмақ емес. Ақпараттар ағыны сөз «тасқынына» жол ашады. Сөз «тасқыны» – әсіресе экономикалық, қоғамдық-саяси өмірдегі бетбұрыс, елдік, еркіндік, тілдің тыныс алуымен, түбегейлі өзгеріспен байланысты реформация кезінде болып отыратын қоғамдық құбылыс. Сөз «тасқыны» кезінде әдеби стандарттар мен кейбір стереотиптер мен тілдік норманың осал тұстары оп-оңай бұзылып, жарыспалық көбейіп кетеді. Мұндай құбылыс «түсініксіз, жасанды сөздер көбейіп кетті»; «Тіліміз не болып барады?», «Тілде тәртіп болмай кетті» деген қайсы біреулердің наразылығын туғызады дейді бұл бағытта қазақ тіліне қатысты Н.Уәли.

2. Екінші тенденция – ағылшын тілінен енген сөздер

«Ескі» мен «жаңаның» үзеңгі қағыса қатар қолданылуы болды. Мысалы, финанс – қаржы, рынок – нарық тәрізді жарыспасөздер тілдік қарым-қатынас машығында сабақтастық принципі бойынша, біразға дейін жарыса жүріп, келе-келе біреуі орнығады, екіншісі өзінен-өзі қалып қояды. Сөйтіп, «табиғи» түрде тіл өзін-өзі реттеп отырады.

Қандай қателіктер орын алды? Мысалы, Осы күндері жиі қолданылатын жылжымайтын мүлік дегендегі -ма,-й, -тын дегендер сөздің грамматикалық көрсеткіштері. Бұл жерде бөгде тілдің недвижимое имущество деген сөзбе-сөз «көшірмесін» қоя тұрып, өзіміздің ана тіліміздің сөзжасам заңдылығы бойынша ықшам түрде орнықты мүлік деп алуға, ал «движимое имущество»-ны жылжыма мүлік деуге болар еді дейді ғалым.

Бір кездегі қазақ тілінде алтайы түлкі, қазақы ер, арабы ат, қалмақы ер, асфаһани қылыш, асфаһани кілем, бұлғары садақ, үрімі мылтық тәрізді тіркесті атаулар едәуір кездесетін. Ал қазір осындай тіркесті атаулар жасайтын модельді термин түзімде неге жандандырмасқа? Мұндай үлгілерді термин түзуде сала мамандары пайдаланса, ұтылмас едік. Мысалы, биолог, ботаник, зоолог тәрізді сала мамандары қолданатын алтай доланасы, алтай ұлары, алтай көртышқаны дейтін кейбір тіркесті атауларды осы модельге салып көрелік: Алтайы



долана, алтайы ұлар, алтайы көртышқан десек, тілдік нормаға қайшы келе қоймас. Мұндай модельдерді неге «жұмыс» істеткізбеске?

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Тілде осы соңғы екі айда пайда болған сөздер мен тіркестерді еске түсіріп, атаудың пайда болғанына қоғамдағы қандай өзгеріс түрткі болғанын атаңыз.
2. Жылжымайтын мүлік деген аударма сөзді не себептен орнықты мүлік деп алуға болатынын өз біліміңізбен дәлелдеп көріңіз.
3. Орыс мәдениеті мен тіліндегі өзгерістердің қазақ мәдениеті мен тіліндегі өзгерістерге сай келуіне мысалдар келтіре отырып, себебін түсіндіріңіз.

Бақылау сұрақтары

1. Профессор Нүргелді Уәли сөзжасамның қазақы модельдері деп қандай модельдерді атап отыр?
2. Қазақ сөзінде кеңестік замандағы қандай реалийлер қазір де қолданылады деп ойлайсыз?
3. Неге кеңес құрамынан шыққан қазақ елінің тілінде жүріп жатқан өзгерістерді орыс тіліндегі тенденциялармен салыстырғанда жағымды деп бағалауға болады?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – А., 2007–2011. 15-том.
2. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Докторлық дисс. – Алматы, 2007.
3. Амалбекова М.Б., Феномен билингвальной личности в этноязыковом ландшафте Казахстана. – Астана, 2009.
4. Алимжанова Г.М., Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека. – Алматы: Интер Пресс К., 2010.
5. Ахметжанова З.К., Оналбаева А.Т., Умирзакова З.А., Культура в зеркале языка: Монография. – Алматы: Изд-во Елтаным, 2014. – 480 с.
6. Ахметжанова З., Ерназарова З., Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос. – А., 2016. – 288 с.